

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 589 қаулысы

Қазақстан-қытай шекарасындағы Қорғас өзені бойында су тасқынынан туындаған өңірлік төтенше жағдайдың зардаптарын жою үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы облысының әкіміне 2003 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қорғас өзені бойында шұғыл авариялық-қайта қалпына келтіру, жағалауларды бекіту жұмыстарын жүргізуге және өзен арнасының түбін тазартуға 80 (сексен) миллион теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы облысының әкімі 2003 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі